ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

НИЗАМИ АТЫНДАҒЫ ТАШКЕНТ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТІ

ӨЗБЕК ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ ФАКУЛЬТЕТІ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ БӨЛІМІ

«Тіркеуге алынды»
____________________
Оқу жұмыстары бойынша декан
орынбасары
__________Қ.Муйдинов
«_28_» ___I_________2011 ж.

5141300-«Қазақ тілі және әдебиеті» бөлімінің IV курс студенті
**Сагиндикова Майра Алихановнаның**
**«Б.Майлин – сатирик»** тақырыбына жазған

**КУРС ЖҰМЫСЫ**

**Ғылыми жетекші:**
__________ Е.Абдувалитов
«Қазақ тілі және әдебиеті»
кафедрасы меңгерушісі

**«Қорғауға жіберілсін»**
«Қазақ тілі және әдебиеті»
кафедрасы меңгерушісі
п.ғ.к., доцент ________Е.Абдувалитов
«_28_» ____I______ 2011 ж

**ТАШКЕНТ-2010 ж.**

гімелері, белгілі „Раушан – Коммунист" хикаяты осы газет бетінде жарық көрді. 1925 жылы „Өлкелік өкіметтің арнайы шақыруымен республиканың сол кездегі астанасы Қызылордаға келіп, қайтадан баспасөз және баспа орындарында әр алуан қызметтер атқарады. 1934 - 37 жылдары „Қазақ әдебиеті" газетінің бас редакторы болып істейді.

Осылармен қатар ұйымдасқан күнінен бастап, Қазақстан Жазушылар ұйымының құрамында болып келген Бейімбет ұлан-ғайыр әдеби еңбекті ұйымдастыру, ұйым жұмысын басқару, жас әдебиетшілерді тәрбиелеу ісіне үнемі ат салысып отырады.

Бұл жылдарда Майлин - суреткердің мерзімді газет-журнал беттерінде үздіксіз жарияланып жататын әдеби шығармалары жиырмасыншы - отызыншы жылдардағы ауыл өмірінің тұнық айнасы әрі көркем шежіресі іспетті.

Б. Майлин 1938 жылы жазықсыз атылды.

Бейімбет Майлин – рухани мәдениетіміздің азғантай алтын діңгектерінің бірі. Оның ең соңғы шығармаларының өзінің жазылғанына жарты ғасырдай уақыт болыпты. Соған қарамастан әлем әдебиетінің, отандық әдебиеттің не бір ақық, асыл маржандарымен жете таныс адам осы бір қаламгердің кітаптарын қолына ала болды шынайы ләззатқа бөленеді. Олар дәл бүгін жазылғандай соны әсерлілігімен, көтеріп отырған проблемаларының үштылығымен, көкейкесті актуалдығымен баурап алады.

Бұның сыры – айтылмыш шығармалардың әу бастан-ақ барша ескі атаулыдан атымен азат болып, рухани, әлеуметтік кемелдікке құштарына ұшталған жаңа адамның жан дүниесіндегі рухани ізденістермен өзектесе жазылғандығында болса керек.

Б. Майлиннің үлкен шығармасын алсақ та, кіші шығармасын алсақ та, беллетристикалық туындысын оқысақ та, публицистикалық туындысын оқысақ та оның идеялық-эмоциялық өзегінде әлде біреудің басынан

кешірген не көңілді, не мұңды кейі емес, оның мінезін ашып, жан дүниесіне үңілуге жағдай жасайтын белгілі бір нақты әрекеті жатқанын аңғарар едік. Ол бөтен бір қалаға қызмет аударып келген жаңа бір басшы туралы жаза ма, әлде өзінің қойдан да момын тіршілігінің алғаш рет тіксініп отырған аңғал жамшыны сөз қыла ма, жоқ қоғамдық қызметтің қиын арнасына енді-енді құлаш сермей бастаған ауыл жігітінің тағдырын суреттей ме — кім туралы жазса да, өз кейіпкерінің жан дүниесіндегі өзекті рухани процеске бірден дөп түседі, шытырман оқиғаның шырғалаңында қалмай, қаһарманның арұжданына түсер салмақты бірден аңғарып, бірден дөп басады.

Заманды адам арқылы, адамды мінезі арқылы, мінезді қарекет арқылы ашу — суреткер Б. Майлиннің бұлжымас қағидасы.

Реалистік прозаның мұндай өре биігіне бар болғаны бір жарым-ақ жыл партада отырған, оның да тең жартысын көрші орыс мектебінің есігінен алма кезек бас сұғып өткізген, шын-

туайтқа кигенде, сауат ашарлықтай ғана білім алған қазақ жігітінің қалай көтеріліп жүргеніне қайран қалмасқа болмайды.

Иә, Бейімбет Майлиннің суреткерлік дарынының ерекше құбылыс екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Бірақ оның творчествосында айқын байқалған өз халқының тағдырына ерекше елжіреніп, оның басындағы халге қинала тебіренушілікті тек соған ғана тән қасиет еді деп қарауға және де болмайды. Жер бетінің қай пұшпағында да бүгіннен безініп, ертеңмен үміт күткен ала көңіл кезеңде дүниеге келген, орыс мәдениеті мен туған мәдениетінің демократиялық дәстүрлерімен сусындап, сол тұстағы Мұқаметжан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыров сынды іргелі азаматтармен пікірлес болған Бейімбет Майлиннің қауымы мен заманын алға тартып отырған рухани ізденістерден сыртқары тұра алмасы айтпасақ та түсінікті.

Тек оның ғана емес, күллі қазақ әлеуметтік-психологиялық прозасының тіламашары болған тамаша туындысы „Шұғаның белгісінің" өзімен бар-

ша тозған атаулыға, адамды ой еркіндігінен, қарекет бостандығынан, ұждан тәуелсіздігінен айырып отырған үстемдік атаулыға шырқа ашынған наразылық лебі ескен еді. Ол наразылықтың ар жағында – қырдағы саяси-әлеуметтік үрдісті түбірімен өзгертуді аңсаған асқақ арман жатқан-ды. Сол арман жазушының творчестволық бағытын да бірден айна-қатесіз айқындап берді. Өз халқының шынға ер жетіп, қатарға қосылуына шын жүректен тілектес болған адал перзент суреткер көз алдында болып жатқан тарихи оқиғалардың көркем шежіресін жасауға құлшына кірісті.

Ол мұндай әлеуметтік құбылыстың сол кездегі қазақ қауымының ең езілген тобы – кедей-жалшылардың дүниетанымы тұрғысынан бейнелеуді айрықша мақсат тұтты. Дәуірдің қат-қабат шындығына қатардағы қарапайым пенденің көзімен тереңдеп үңіле білу де тек шынайы гуманист, шынайы демократ суреткерлердің ғана қолынан келер үлкен рухани ерлік еді.

Шынтуайтқа келгенде, қазақ әдебиетінде дара сөзбен көркем бейне

жасауды түбегейлі мақсат еткен алғашқы қаламгердің өзіне дейінгі әлемдік әдебиеттің ең биік әлеуметтік қағидасын бірден берік ұстана келгендігі әдейі тоқтала айтуды талап ететін өрелі қасиет. Бұған оның өз тағдыры, өз тәрбиесі шешуші ықпал еткенін айта кету орынды. Ол ешқандай боямасыз, құрым үзікті жарлы жалшының жыртық үйінде туды. Бір жасында әкеден айрылды. Оның бесігін бір жағынан жетімдік, бір жағынан жоқтық жарыса тербетті. Осындай жыртық өрге ғауым ұшыраған түлектің тарихтың қай қаттарына да өз табы, өз нәсілі көзқарасы тұрғысынан үңілері сірә белгілі.

Сондықтан да, ол жасаған кедей, жалшылардың бейнесі ерекше бір табиғилығымен, ерекше бір шыншылдығымен баурайды. Олардың бойында сонау отызыншы жылдар туралы кейінгі жылдары жазылған шығармаларда көп ұшырасатын қой шетінде көп жүріп, өздері де қой болып кетуге айналған әсіресе ынжықтық, не „менің заманым туды" деп кеудесін соққан әсіре әпербақандық ұшыраспайды. Олар оқушыны күнделікті адал еңбек, қарапайым

тіршілік қана қалыптастыратын руха-
ни пәктігімен сусіндіреді. Шаруа адам-
дардың балалардай аңғалдығын, сәби
пәктігін жырға қосу – гуманистік әде-
биеттің басты дәстүрлерінің бірі. Бе-
йімбет Майлин өз творчествосын сол
дәстүрден өрбіткенмен, әлгіндей әлеумет-
тік-рухани құбылыстың қыр-сырын
ашуда бейілі қағидалардың аудымы-
мен шектелмей, өзіндік соны сипат-
тар танытты. Оның суреттеуінде қа-
зақ кедейлеріне тән пәктік ешқандай
рухани мешеулік емес, сонға, жаңаға,
өзгеріс атаулыға мейлінше елгезек қа-
райтын ерекше сергектік, езгі үрдіс қа-
лыптастырған қасаң қағидалардың ау-
қымына сия қоймайтын айрықша адал-
дық. Қанаушы қоғам қанатын қанша
қырқып келсе де, қатарға қосылуды, тең-
дікке жетуді бір сәт те ұмытпаған
ор талап. Жазушы шығармаларында
осындай кедейлердің неше алуан түрі-
мен кездесіп, құмардан шыға сырла-
суға болады. Олардың мінез-құлқынан
жаңа жасампаз қоғамның дүние өз-
гертуші, адам жетілдіруші кемел
сипатын байқайсыз. Бұл Бейімбет
Майлин творчествосына ерекше бір

оптимистік үміт дарытқан.

Жазушы шығармаларының көпшілігі езілгендер мен есесі кетіп келгендердің жан дүниесіндегі жаңа рухани өз өрістерді көрсетуге арналған. Бұл ретте Б. Майлин — шынайы тап жазушысы. Алайда революцияға дейінгі қазақ даласында теңсіздікке ұшырап есесі кеткендердің қатары кем де кем еді. Есесі кеткендер мен езілгендердің рухани болмысындағы азаттыққа ұмтылған өшпес жігерді ашу арқылы шыншыл суреткер бүкіл халқымыздың өз болашағы жолындағы өжет күрескер сезімін де ашып берді. Сондықтан да оның шынайы әлеуметтік мазмұнға бай кемел творчествосы үлкен ұлттық рухани қазына боп табылады.

Б. Майлиннің мейлінше әсем, мейлінше нақты, мейлінше бейнелі прозасы мен драматургиясы қазақтың көп жанрлы жазба әдебиетінің тез нығайып, тез ер жетуіне шешуші ықпал етті. Оның творчестволық мұраларының қайтадан дүниеге оралуы қазіргі қазақ прозасы мен драматургиясының жаңа бір қауырт өрлеуімен сәйкес келуі де тегін-

нен тегін емес. Бүгінгі ұлттық реалистік прозамызды сусындатып тұрған екі нәрлі бастау бар деп білсек, оның бірі — Мұхтар Әуезов те, екіншісі — Бейімбет Майлин.

Мұхтар Әуезов біздің прозамызға асқақ құштарлыққа толы кең құлашты қаһармандарды, философиялық астары терең, мол ауқымды ой жинақтауды, ұстық лебі бет шарпитын шынайы поэтикалық рухты дарытса, Бейімбет Майлин тайға таңба басқандай характер шындығын, сурет нақтылығы мен деталь дәлдігін, төңірекке, тұрмысқа, ұлттық болмысқа деген байыпты көзқарасты қалыптастырды. Бұл екі бағыт бір-біріне кереғар емес, бірін-бірі толықтырып тұрған жемісті арналарымыз.

Егер біз қазақ прозасының бүгінгі ұлттық ауқымнан шығып, одақтық, әлемдік оқушыға батыл ұмтылған сәтті аяқ алысына сүйсінетін болсақ, ол осы екі арнаның екеуіне де бірдей ұмсынып, бірдей сусындай білудің нәтижесі деп ұғуға тиістіміз.

Көп қырлы, көп сипатты тарлан

талант Бейімбет Майлин жаңа қазақ кеңес мәдениетінің қай саласының қалыптасуына да белсене үлес қосты. Жаңа қазақ театрының шымылдығын алғаш ашқан шығармалардың бір алуаны соның қаламынан туды. Қазақ кино өнерінің тырнақалдысы болған „Аманкелді" фильмінің киносценарийін жазуға да ол аянбай ат салысты.

Халық тағдырына қай тақырыпта жазсын мейлі Бейімбет Майлин қаламынан тек шындық қана сыр шертті. Ол шындық – заман шындығы. Ол сыр – замандас сыры.

Ол жазған миллиондаған сөйлемдердің арасынан көңілге күдік қашырардай жарты ауыз жалғандық таба алмаймыз. Оның қаламына іліккен әрбір деталь айна-қатесіз ақиқаттығымен, артығы да, кемі де жоқ дәлдігімен таңғалдырады.

Өз тұсындағы барлық жанрды, барлық тақырыпта бірдей қамтыған Бейімбет Майлин творчествосы – екі қоғамдық формация аралығындағы қазақ тұрмысының кең қарымды панорамасы, жаңа заман орнатып жат-

Мазмұны

Кіріспе ........................................................................ 3

1- тарау. Қазақ әдебиетінің классигі .......................................

I.1. Бейімбет Майлиннің өмірі мен шығармашылығы .......... 6

I.2. Бейімбет Майлиннің дарындылығы тасқындаған тау өзеніндей ........................................................................ 8

2- тарау. Бейімбет Майлин- драматург ................................ 10

II.1. Бейімбет Майлиннің сатиралық туындылары ............ 21

II.2. «Талтаңбайдың тәртібі», «Неке қияр», «Көзілдірік» пьесалары ........................................................................ 25

III. Қорытынды ........................................................................ 36

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі ................................. 38

қан жаңа қауымның кесекті күресінің барлық қыры мен сырын жан-жақты ашқан кең құлашты эпопея, адамзат тарихындағы айтулы бетбұрыс болған тұстағы бүкіл бір халықтың кесек тұлғасын сомдаған кемел монументі.

Артына мұндай мұра қалдырған суреткердің есімі мен өнері ұрпақтар жадында ұмытылмай, мәңгілік жасара жаңғырып, мәңгілік жарқырап тұрарын айту басы артық сөзуарлық болар еді.

Туған халқының жарқын болашағы мен рухани салтанатына мұншалықты сапалы үлес қосқан, туған әдебиеті мен туған тілінің көркейіп гүлдене беруіне осынша мол күш-жігерін жұмсаған айтулы суреткер, аяулы азамат, асыл аға әруағына мың тағзым.

Сатира - (лат. Satira) - өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Драматургия сатира комедия жанрынан көрінсе, көркем прозада сатиралық әңгіме, повесть романдар жазылады. Сатиралық шығармаларда әсірелеу, аллегория, юмор, ирония, сарказм, т.б. бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады. Ежелгі Грецияда жанр ретінде туындағанымен әдебиеттің дербес тегі ретінде Ежелгі Римде кең қанат жайды. Қазақ Сатирасы халық ауыз әдебиетінен бастау алады. Алдар көсе туралы ауыз әңгімелерде ащы мысқыл, улы кекесін сынап-міну сарыны басым болса, Қожанасыр туралы күлдірі әңгімелер юмор, достық рәуіштегі сын, астарлы әзілге құралады. Тазша бала туралы немесе өтірік өлеңдерде әсірелеу, гротеск тәсілі мол кездеседі. Қазақ фольклорында ұлттық ауыз әдебиетінде ғана кездесетін Шықбермес Шығайбай, Қара-

бай сияқты сараң байлардың типтік бейнелері жасалған. Жырауλық поэзия (Жансүгір Тіленшіұлы, Тәтіқара т.б.) өлеңдерінде кездесетін үстем тап өкілдерін сынау, шенеу сарыны Махамбеттің өлең-жырларында өзінің шырқау шыңына жетіп, байыпты айқындауға ұласады. Абай творчествосы қазақ сатирасын сапалық жаңа биікке көтерді. Ұлы ақын творчествосында эпиграммалар Абралыға, Көкбайға, Күлембайға т.б. арналған өлеңдерінде жиі кездеседі.

Бейімбет Майлин творчествосында сатираға мол орын берілді. Ол проза мен поэзиялық жанрларды сатиралық шығармаларды өндіре жазды. Оның 1928 ж „Сайқанды садырлар", ал, 1920 жылы „Кейінділер" атты сатиралық жинақтары басылды. Бейімбет жиресс, комедия, сықақ, әзіл, фельетон жанрын дамытуға үлкен үлес қосты. Сатира І. Жансүгіров творчествосының жемісті саласының бірі. Ол „Тілші" (1923-25), „Еңбекші қазақ" (1928-31) газеттерінде жұмыс істеген жылдары фельетонист ретінде танылып, 1929 жылы „Сықақ" атты жинақ шығарды. І. Жансүгіровтің сықақ әзіл-

лері мен фельетондары 1935 жылы „Зуқ" деген атпен жеке кітап түрінде жарық көрді. 20-жылдардағы Сатираға С. Алдоңғаров пен А. Сегізбаев та өздерінің ұтты фельетондарымен үн қосты. 30-жылдары қазақ Сатирасын өркендетуге белсене ат салысқан қаламгерлер қатарында 1936 ж. „Түйреуіш" атты жинақ шығарған. Қ. Жуанышбаев „Тоқсан" атты кітабы шыққан. Ж. Сәрсеков, „Күлмеске не" деген жинағы басылған. Қ. Тайшықов пен „Шаншу" атты кітаптың авторы С. Дүйсенбековтарды айтуға болады. Одан соңғы жылдарында Сатираны дамытуға Н. Тоқмағамбетов, ал соғыстан кейінгі кезеңде Сатираға Төлешов үлкен үлес қосты. 1956 жылы сатиралық „Ара" журналының шыға бастауына орай қазақ Сатирасының дамуы жүйелі сипат алды. 60 жылдары сатириктер легіне С. Адамбеков, Ш. Смаханұлы, Ж. Алтайбаев, Б. Қыдырбеков, М. Рашевтер кейін қосылды. Кейін С. Адамбеков қазақ тілінде жазылған тұңғыш сатиралық ро-

ман „Атыгтан қыз туралы аңызды" жазды. Сатиралық әңгімелер жанрын дамытуға „Талпақ танау", „Этнографиялық әңгіме" атты шығармалары арқылы Ғ. Мүсірепов те өз үлесін қосты. 70 жылдары О. Әубәкіров, О. Иманалиев, Ғ. Қабышев, С. Әдиіков, Ч. Чайдин, Е. Дайбаев қазақ сатирасын дамытуға өз үлестерін қосса, 80-жылдары олардың қатарында сатираға С. Кенжеахметов, К. Әмірбеков, Ғ. Ахметчин, Қ. Ілиясов т.б. келіп қосылды. Қазақ сатирасы жөнінде Т. Қожакеевтің монографиялары бар. Абай сатирасында мысал жанры ерекше орын алады. Мысал жанры 20 ғасыр басындағы көрнекті қазақ ақындары А. Байтұрсынов, М. Сұлтанқожаұлы, Т. Ізтілеуов шығармаларында жиі кездеседі. Сатиралық өлеңдер С. Торайғыров творчествосынан берік орын алды. (мыс.,„ Мағынасыз мешіт", „ Сымбатты сұлуға" т.б.) Ол „Ауыр майт есімнің жаңылғаны" атты сатиралық әңгіме де жазды. Сәбит Дөнентаев мысал, фельетон жазумен қатар, қазақ сатирасын сюжетті сықақ өлеңдермен байытты. С. Сейфуллин „Күзетші иттер", „Жетімшіліктің сандыраны", „Қара арбада", „Отарба мен ақ төбет" т.б. сатиралық өлеңдер жазды.

Қазақ әдебиетінде сатира жанры негізінен Ілияс Жансүгіров пен Бейімбет Майлин творчестволарында басталады деген дұрыс шығар. Әсіресе Бейімбет өзінің ең алғашқы өлеңдері мен әңгімелерінде юмор мен сатираның өткір құралдарын орынды пайдалана білді. „Ибырай", „Садақбай", „Әкесінен хат" өлеңдері юморға толы.

Жазушының қайсыбір әңгімесін оқысаңыз да күлкіге қарқ боласыз. Ең алғашқы әңгімелерінің өзінде осы ерекшелік байқалады. Бейімбеттің „От басында" атты әңгіме, өлеңдер жинағы 1926 жылы Қызылордада жеке кітап болып жарияланған болатын (бұл кітап әлі күнге дейін қайта басылымы көрмей елеусіз қалып келеді).

Бейімбеттің 1923 жылы жазылған „Шарығат бұйрығы" атты әңгімесін сатиралық әңгіменің көркем түрі деуге болар еді. Будан басқа да „Әжірожан молда", „Әлиштің пырағы", „Сары ала тон", „Қара ше-

лек", „Кәдір түнгі керемет", „Құрымбайдың жігітшілігі", „Желдібай Жындыбаев", т.б. әңгімелері оқушысына еріксіз езу тартқызады.

Кеңес үкіметі әкелген жаңалықтардың қас дұшпаны ауылдың шала молдалары еді. Олардың ел арасындағы өтірік „беделін" түсірмей, „кемеңгерлігінің" сырын ашу қазақ жазушыларының қай-қайсысының да міндетіне айналды. Бірақ дін иелерінің надандығын дәл Бе ағаңдай өлтіре сынаған, ащы әжуалаған қазақ жазушысы жоқ десе де болғандай. „Әйімтің ғарапы" атты бас-аяғы жинақы, шағын ғана әңгімеде Әйім мен Әупілдек деген дінге „берілген" екі адамның семьясы жайлы сөз болады. Әйім — молда. Оның әйелі Айтолқын „өгіз бұзаулапты" десең сенетін аққөңіл, аңқау. Ол үшін Әйім сөзі құдай сөзінен де қымбат, қасиетті. Ал Әупілдек Әйімтің „әулиелігіне" жұрттың бәрін сендірумен жүр. Мұны сезген Әйім әулиелігін күшейтеді. „Денем түгелдей зікір айтатын болды, періште маңымды қаптай-

тын болды" дейді әйеліне. Әліш көзі ілінсе болды, зікір айтып далаға қашатынды шығарды, аңдау әйелі-не: „Артынан шықпа, егер шыға қалсаң, жын соғып кетеді" дейді. Комсомол жастар аңдып жүріп оның кереметінің сырын ашады, көрші әйел Жекттің үйінен ұстап алады.

„Қазақ әдебиеті" газеті 1934 жылғы бір санында Ілияс туралы мақала жариялап, онда Бейімбетті де атақты фельетонистер қатарына қосқан болатын. Ол мақалада: „нағыз фельетонды жазғандар Ілияс пен Бейімбет. Бұл - „даусыз" деп бағалаған.

Ілияс та, Бейімбет те сатираға ертеден, яғни 20-жылдары-ақ ден қойып, түрлі бүркеншек аттармен фельетон, сықақ, әңгіме, өлеңдер жаза бастаған. Сол кездегі газеттерде „Зіл-оспақ", „Оқшау сөз", „Шаншырама" деген рубрикамен арнайы берілетін бөлімдерде Ілияс пен Бейімбеттің шығармалары өте жиі жарияланып тұрған. Ілиястың бүркеншек аттары — Матай, Бақер,

Ха-Ха, Салпаң құлақ Сақа, Таңқыбай, Күйқалық дегендер болса, Бейімбетте де дә осы сияқты өзі қойып алған бүркеншек аттар болды. Олар: Жанхан, Халиш, Малай, Б.Ж., Мереке, Мырқымбай, Б. Б-т, Бақылшы, Жолаушы, Көз, Інісі, Тай, Жон, Қайдауыл, Тілші, т.б.

1926-27 жылдары Бейімбеттің көптеген сатиралық әңгімелері „Еңбекші қазақ" газетінде үзбей жарық көрді.

Бейімбет шығармаларында сатирадан гөрі юмор басым, шығармаларының барлығында да дерлік юмор кездеседі. Бейімбет әйел теңдігі, қалың мал тақырыбын көп сөз еткен жазушы.

Жазушы фельетондарды да аз жазған жоқ. Сол дүниелерін жинақтап 1928 жылы „Сойқанды содырлар", 1929 жылы „Кесінділер" деген атпен екі жинағын шығарған. Бұл жинақтардағы шығармаларды қайта бағалау болашақтың ісі.

Бейімбет тынымсыз, ерінбей еңбек етіп артына мол қазына қалдырды. Еліміздегі елеулі оқиғалардың бәріне де үн қосып отырған оның

очерктері мен фельетондары да осының айғағы. Көрген - білген оқиғасы жайлы жазуға әдебиетіміздің қай жанры икемді болса, сол салада қалам тербеді. Майлин драматургия саласында да айтарлықтай еңбек етті. Оның „Шаншар молда", „Неке қияр", „Талтаңбайдың тәртібі", „Келін мен шешей", „Көзілдірік" сияқты комедияларында ел арасындағы кейбір ескі, кертартпа салттар, адамның бойындағы жағымсыз қасиеттер бірде жылы юмормен әжуа етілсе, енді бірде ащы сатираға айналып, аяусыз мінеліп жатады. Бейімбеттің комедиялық шығармаларының көбіне өрескел оқиғалардың сын садағына алған, қысқа сөзімді Бұл шығармалар қазақ драматургиясындағы комедия жанрының алғашқы үлгілері болып саналады. Бейімбеттің драмалық шығармалары сатираның қалыптасып, дамуында айтарлықтай рөл атқарды. Оның пьесаларының күні бүгінге дейін қазақ театры сахнасынан түспей келе жатқандығы өміршеңдігінің белгісі болса керек. Майлин - қазақ әдебиетінің негізін қалаушы көрнекті өкілдерінің бірі, артына әдеби мұра қалдырды.

# Кіріспе

Майлин поэзиясының қадір - қасиеті - жырлаған тақырыбы мен бейнелеген образында. Бейімбет өлеңдері мен поэмаларының тұла бойына күн шуағындай тарап, ұшқын атып, сәуле шашып жатқан жылы әрі шымыр юморы мен сатирасын қоссақ, жалпы ақынның өзгелерден оқшау, тек өзіне ғана тән ерекшелігі бейнеленеді де, оның қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі анықталады.

Бұл орайда Елбасы И. А. Каримов „Мемлекетті жаңғырту және күшті азаматтық қоғам құру - өзекті мақсатымыз" — деп, „мән - мазмұнына орай әлеуметтік - экономикалық, қоғамдық, саяси реформаларды, біз таңдаған мемлекет және қоғам құрылысы моделін енгізу үдерісінде азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуын жетілдіріп отыруды негізгі орынға қойтын.

„Күшті мемлекеттен - күшті азаматтық қоғамға қарай" бағдарламасын жүзеге асыру жолындағы жұмыстарды жандандыруды өмірдің өзі күн тәртібіне қойып отыр,"[1] — деген болатын.

Сондай - ақ, перзенттерімізді XXI ғасыр-

---

1. „Жұлын жол" №9. (1716), 30 қаңтар, 2010 жыл. - 2 б.

Б. Майлиннің шын мәнінде комедиялық пьесалары „Неке қияр", „Көзілдірік", „Тартақбайдың тәртібі".

„Неке қияр" - күлкілі комедия. Автор оны 1920 жылы жазады, пьеса клубтарда қойылып жүреді. Пьеса сол күйінде 1926 жылы „Әйел теңдігі" (2-3) жарияланады. Автор комедия 1927 ж жеке кітап боп басылғанда кіріспесінде: пьесаның „ойнай келе түрлі кемшіліктер көрінген соң қайтадан түзетіп, бас жағына бір бөлім үстеп, бөлек кітап қылып шығаруды мақұл көрдім", - деп жазады, алдағы уақытта журналдағы вариантты сахнаға пайдаланылмауын, кітап қолданылуын сұрайды.

„Неке қияр" комедиясы Б. Майлиннің творчествоның тынымсыз ізденгенін, ол талабы табысты болып, әдебиетімізге жаңа әдістер, тың өмір өлкелерін енгізгенін дәлелдейді. Ескерте кетелік, пьеса молданың әрекеті туралы емес (молда қосалқы кейіпкер). Пьесада бас тақырып: мал мен дүниеқты қоса жұмсап, жарымес жігітке жақсы қызды алып бермек қудың қимылы.

Пьесаға негіз: байырғы қазақы болмыстар - қыз айттыру, күйеу келу, жеңгелік, кәде, неке қию дәстүрлері іске советтен-

пен ауылдағы милицияның араласуы, бірақ сюжетке басты арқау – ортада жүріп ат мінбес Иланбайдың қулығы. Басты герой – Иланбай; басқалар: күйеу Жәлен, қалыңдық Зүре, күйеу қосшы Кәрім, Хомарт, құдандлар, қыздың әке-шешесі, молда – бәрі екінші планда. Иланбай Карл Гольдонидың, Мольердің, батыстың басқа комедиографтарының пьесаларында кездесетін пландағы қуларға ұқсас.

„Неке қияр" идеялық-көркемдік кемшілігі жарасымды жасалған, сахнада ұзақ жасауға лайық пьеса. Қазақ өмірінің сан-сала айырын реалистікпен бейнелейтін, дарынды пьесада құдіретті күлкі мол. „Шылмыңда" дарығы болат семсердей „Неке қияр" жақсы пьесалардың жасағында болмақ.

Б. Майлиннің „Көзілдірігі" (1929) – көп пердел комедиялардың тұңғыштарының бірі. Пьесаның идеясы – көзілдірікпен көзі перделенген бюрократтарды, төрешілерді сынақтау, әшкерелеу. Пьесаның сюжеті бірі мен бірі тікелей байланыссыз екі бөлімге бөлінеді. I-II перде төрешілер (Байсалбай болыс пен Ақбан судья - „Көзілдіріктің" бюрократтығы, төрешілдігі, парақорлығы, зинақорлығы, бұзықтығы реалистікпен шебер ашылып,

рақымсыз сықақталады.

Пьесаның сатиралық комедия болып құрылған бұл жағы күшті, сорақы типтердің образын көңілдегідей етіп жасаған.

Автор екінші пердемен заңды дамыған сюжетті үзеді. Одан әрі арада қыруар күрделі оқиғалар өткенін көңілмен болжап қана шамалайсың. Бастапқы екі пердеде сюжетке негіз оқиғаларға мұрындық болған бала мен судья III пердеде тасада қалады; бұрын дембеші Бақыт тосыннан болыс дәрежесінде, бұрынғы хатшы Орманбай жоқ, оның орнында бұрын көшіруші болған Жүсіп.

Байсалбай мен Ақбан („Көзілдірік") қайыршының халіне түсіп, мүсәпір болып қалған. Түсетығын айтып, Бақытқа жабылғаннан басқа Байзалбайдың аузына сөз түспейді, Ақбан „білмеміз" – деп қаусап тұр. Сондықтан пьесаның ақырғы пердесінде конфликті жоқ. Соңғы перде: қолымыз бәріне жетті деп мәз болған адамдар жайлы сурет теме очеркке ұқсас, онғашқы екі пердеге мүшеленіп, бірікпей, ансамбліне енбей, сырт тұр.

Бастапқы екі пердеде комедиялық атмосфера жасап, өмірлік оқиғаны та-

лантталығымен қызығылықты дамытқан драматург тосын әдіс қолдану ниетімен іздеуі мүмкін. Батыс драматургтерінде оқиға ағымын кенет үзіп, бір тосын оқиғаны көңілмен формалдар жағдайда конфликтілі оқиға желісін жаңа сатыға көтеретін әдістер болады. Б. Майлин де сондай бағытта эксперимент жасауы мүмкін.

Мүның мыз басқа. Дерекке сүйенгенде айтарымыз: жақсы дамыған „көзілдірік" тамамдалмай, аяғы тиянақсыз болып, бүлдірап кеткен. Соның салдарынан пьесаның көркемдік күші көп төмендеген.

Б. Майлин комедияларының ішіндегі қош бастары — „Талтаңбайдың тәртібі". Бұл пьеса Қазақ академиялық драма театрының 1930 жылғы репертуар жоспарына еніп, 1931 жылдың көктемінде сахнаға қойылады.

Жазушы алғашқы әңгімелерінде шаруалардың ойыласпен колхоздасқанын, араларына өнтымақ орнап, ішi еңбекке онталанғанын реализмпен суреттейді.

Қазақ аулында колхозды бастап ұйымдастырып, басқарушылардың ішінде саяси-экономикалық, көзқарастық сауатын жаңа ашқан, көңілінің қазығы босаң,

көп нәрсені айқын білмей, долбармен іс-
тейтіндері болды. Ондайлар асыра сіл-
теп, үкімет пен партияның зор сені-
мі мен беделін күштілікке күш көрсету-
ге, әміршілдікке жұмсауға дейін барды.
Ондайлардың колхозға да, колхозшы-
ларға, партияның ұлы да игі баста-
масына да қырсығын тигізгені сөзсіз.
Б. Майлиннің "Талтаңбайдың тәрті-
бі" сондай сорақыларды жеріне жете-
әшкерелейтін кекті сықақ, улы сатира.
"Талтаңбайдың тәртібі" - комедия. Ко-
медияда көрерменнің сай сүйегін сыр-
қыратар ауыр, шиеленісті оқиғалар бо-
луы мүмкін. Алайда комедияның онбо-
йында күлкілі оқиғалар көп болады. Ко-
медияның басты ерекшелігі - шиеленіскен
оқиғалар ақырында кексіз, бүліксіз, шығын-
сыз бітеді; қазақтың "әйтеуір ақыры қа-
йырлы" дейтініндей болып тынады.
"Талтаңбайдың тәртібі" жай комедия
емес, сатиралық комедия. Мұнда тра-
гедияға негіз болар өмір материялы
бар.
"Талтаңбайдың тәртібін" сатира дей-
тініміз - мұндағы сықаққа алғандар тү-
зелетін дәрежеде емес, күйреу, құрып
тынатын қалыпта бейнеленеді. Сатира-

түзеу үшін емес, күйретуді нысана қып сынайды. Сатиралық шығармада басты кейіпкер – сатиралық образдар болуға тиіс. Б. Майлин бұл заңды берік сақтай отыра жағымды образдарды пьесадағы рөлдеріне лайықты келістіріп жасаған.

## Қорытынды

Әдебиеттегі алғашқы адымын өлеңнен бастаған Бейімбет өлеңдері мен поэмаларының тұла бойына күн шуағындай тарап, ұшқын атып, сәуле шашып жатқан әрі жылы, әрі шымыр юморды (әзіл-әжуаны) сатираны қоссақ, жалғыз Майлин ақындығының өзгелерден оқшау тек өзіне ғана ерекшелігі белгіленеді де, оның жоғарыда айтылғандай, қазақ поэзиясының дамуына қосқан үлесі анықталады. Қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты дегенде біз қазақ өлеңінің көркемдік жағынан европалық биікке көтеріп, оның мазмұнды пішінін тотының түгіндей құбылта құлпыртқан Бейімбет өлеңдерінің өрісі ең жеңілі, орташа, ұйқасы... - Абай реформаларынан соң кейін жатады.

Әдеби шығармадағы сатиралық сыр мен сымбат бәрінен бұрын тіл арқылы танылады. Ал тілдегі күлкі қасиет шұрайлы мазмұн, шырайлы пішін түп-тұғы көрініске шығатын жанр — сатира.

Өйткені, қимыл мен тартысқа негізделуін өз алдына қойғанда, тек қана кейіпкерлердің сөйлеуіне, сөйсесуіне құрылатын сатиралық шығармада мағынасыз бірде-бір сөз болмауға тиіс.

Қазақ халқы сондықтан да маймылды сатирик ретінде таныды.

# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Каримов. И.А. Негізгі міндетіміз – Отанымыздың дамуы мен халқының тұрмысын одан әрі кемелдендіру. (Министрлер Кабинетінің 2009 жылдың негізгі қорытындылары және 2010 жылы Өзбекстанды әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан өркендетудің ең өзекті міндеттеріне арналған жиналысындағы баяндамасы) „Нұрлы жол" № 10 (1717), 3 ақпан 2010 жыл 2-бет.

2. Каримов И.А. Мемлекетті жаңғырту және күшті азаматтық қоғам құру өзекті мақсатымыз. (Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Заң шығару палатасы мен Сенатының біріккен жиналысындағы баяндамасы) „Нұрлы жол" №9 (1716), 30 қаңтар, 2010 жыл, 2-бет

3. Каримов И.А. „Юксак маънавият енгилмас куч" – Т: „Маънавият" 2008, 176-бет.

4. Х. Әдібаев, М. Базарбаев, З. Қабдолов, Р. Нұрғалиев. Қазақ әдебиеті Алматы. „Рауан", 1998 жыл. – 337 б.

5. Қазақ әдебиеті: З. Қабдолов, С. Қирабаев, Х. Әдібаев. – Алматы: „Мектеп", 2007. – 368 б.

6. Қазақ әдебиеті хрестоматиясы Алматы, „Білік", 1999. – 458 б.

7. Қирабаев. С. „Кеңес дәуіріндегі әдебиет", Алматы: – „Білім". – 2003. – 224 б.

8. м. Қаратаев, Т. Нұртазин, С. Қирабаев. „Қазақ кеңес әдебиеті" Алматы. „Мектеп", 1987. – 295 б.

9. „Талапкер" топтамасы. Қазақ әдебиеті „Арман – ПВ", 2005. – 320 б.

10. „Қазақ әдебиеті" газеті 1984. – 4 б.

дың талабына жауап беретін аза-
мат етіп тәрбиелеудей ізгі мақ-
сат жолындағы мұндай істер дә-
йектілікпен жалғасуда.

„Біз еліміздегі 2011 жылды еліміз-
де „Шағын бизнес және жеке кәсіп-
керлік жылы" деп жариялауды ұсын-
ған.[1]

Қазіргі күндерде осы мәселе жө-
нінде дайындалған үкімет бағдар-
ламасы сол мақсаттарға жету жо-
лында барлық мемлекеттік және
беймемлекеттік күштерді ескере оты-
рып, қолдағы барлық ресурстар-
мен мүмкіндіктерді тиімді білу-
ді көздейді.

Өткен жылы еліміздің өмірінде
шын мәнісінде үлкен тарихи ма-
ңызы бар аса құнды әлеуметтік
бағдарламалар, кадрлар даярлау-
дың ұлттық бағдарламасы мен
мектеп білімін өркендетудің мем-
лекеттік жалпы ұлттық бағдар-
ламасын орындау іс жүзінде аяқ-
талды. 9 жылдық жалпы білім бе-
ретін мектеп сатысы мен 3 жыл-
дық орта арнаулы және кәсіптік-тех-
никалық білім беру сатысын қайта-

[1] „Нұрлы жол" № 98 (1805), 8 желтоқсан, 2010 жыл. - 1б.

IV курс студенті **Сагиндикова Майра Алихановнаның**
**«Б.Майлин – сатирик»** тақырыбына жазған курс жұмысына қорытынды

Тақырыптың көкейкестілігі: Сатира қашанда қызіктілікті талап етеді. Б.Майлиннің сатирасын курс жұмысына арқау болды. Сатирасындағы тақырыпты ашып беру көкейкестілікті айқартады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы: Сатира жанрын өзге елдердің сатириктерімен сөз өрбіту жаңалығы болып есептеледі.

Әдебиеттерден пайдалану дәрежесі: Пайдаланса аз.

Тақырыптың ашып берілуі: Ашылмаған.

Ғылыми қорытынды жасау дәрежесі: Қорытынды жасалмаған.

Жетістіктері: Сатираны тыңнан қарастыратын етіп, орайлық ой-сілемдер айтқан.

Кемшілік тұстары: Қателері көп.

Курс жұмысының қорғалуы туралы комиссия қорытындысы: Қателерді дұрыстап, содан қорғауға жіберілсін

77 б.

Ғылыми жетекшінің аты-жөні және қолы: Е. Абдуваметов [signature]

Кафедра меңгерушісінің аты-жөні және қолы: Е. Абдуваметов [signature]

тын біртұтас білім жүйесі жасалды.

Бір сөзбен айтқанда, жас ұрпаққа жалпы білім берумен қатар заманалық кәсіп - мамандықтарды үйрету мүмкіндігін беретін 12 жылдық білім жүйесіне өту қорытындыланып келді," [1] - деген ұлағатты сөздерді айтты.

Осы тұрғыдан қарағанда, бүгінгі таңда жас ұрпақты тәрбиелеуде ақын - жазушылардың шығармаларын оқып үйрену мақсатқа сай деп білеміз.

Өткен уақыт ішінде халқымыздың қажырлы еңбегінің нәтижесінде қол жеткен жетістіктерімізбен мақтана аламыз. Мемлекетіміздің дәйекті жоғары өсу қарқынын еліміздe құрылған банк-қаржы жүйесінің тұрақты және сенімді қызмет көрсетуін, экономикада жүзеге асырылып жатқан жаңару мен өзгерістерді әлем қауымдастығы мойындауда.

---

[1] "Нұрлы жол" №10 (1717), 3 ақпан, 2010 жыл, 2-3 б.

Бейімбеттің бір жылғы әңгімелерінің басын қосып жинақ жасаса, олар үлкен сезімнің сырын да, сынын да сипаттайтын роман рухты.

Сәбит Мұқанов.

Бейімбет (Бимағамбет) Жармағамбетұлы Майлин 1894 жылы бұрынғы Торғай облысы, Қостанай уезі, Дамбар болысындағы Ақтөбе деген жерде (қазіргі Қостанай облысы, Таран ауданы, Майлин атындағы ауылда) туған. (1896 жылы туған, қаз. Қостанай обл., Таран ауданы, 1937 жылы дүние салған.)[1] Екі жасында әкеден жетім қалған Бейімбет бір байдың сауыншысы боп жүрген анасының қолында тәрбиеленеді. Жетіге жеткен соң, өзі де сол байдың қозысын бағып, сосын атының де жебесін ұстайды. Жоқшылықтың ащы дәмін ерте татқан жас бала әжесінің жылы құшағында бұйыға тербеліп отырып, оның:

Өмірімде көргенім — сұмдық, құмдық,
Бұл жаһанда бар ма екен біздей мұңдық? —

деген зар-зарының сырын жанымен ұғады. Әжесі көне жырларды көп білетін, өзі

1. Қазақ әдебиеті хрестоматиясы.
Алматы. „Білім", 1999. — 458 б.

де аздап өлең шығаратын ақынжанды адам екен. Соның әсері болса керек, Бейімбет қаршадайынан өнерге құмартып, өлеңге әуестенеді.

Майлин алғаш рет ауыл молдасынан сауат ашып, хат таниды. Содан соң есігінде жүрген бай үйінде тұратын Әбдірахман Сатыбалдин деген татар мұғалімнен дәріс алады. Одан әрі іргелес көрші ауылдағы басқа бір Әбдірахман Арғынбаев деннің медресесіне түсіп, екі жыл (1910-1912) оқиды. Өз бетінше кітап оқып, көп іздейді; қалаға барып, білімін одан әрі көтеруге талаптанады.

1913-14 жылдарда Майлин Троицкідегі „Уазифа" мектебінде, одан кейін Уфа қаласындағы медресе-Ғалияда оқиды. Сол жылдары медресе шәкірттерінің әдеби үйірмесіне қатысып, өзі секілді талапкер жастармен бірге „Садақ" атты қолжазба журнал шығарысады. „Садақтың" әрі редакторы, әрі белсенді авторы болған Бейімбет осы журналдың 1914 жылғы үш санында өзінің тырнақалды прозалық туындысы „Шұғаның белгісін" жариялайды. Бұл „Ғалия" шәкірттері мен устаздарының арасында автордың атын шығарып, талантын танытқан та-

маша шығарма болатын. Б. Майлиннің медресеге сабақ беретін белгілі татар жазушылары Мәжит Ғафурилен, Ғалымжан Ибрагимовпен шығармашылық байланысы, медреседе өзімен бірге оқитын башқұрт ақыны Сайфи Құдашпен достығы осы кезден басталады. Ол бейімбет екі жылдай орыс тілін үйренуге көп күш салып, Гоголь, Толстой, Чехов, Горький шығармаларымен танысады.

Бірақ денсаулық жағдайына байланысты медресе - Ғалияның оқуын аяқтай алмай, 1915 жылы дәрігерге көрінбек боп Троицк қаласына қайтып оралады да, осы тұста „Айқап" журналында қызметте жүрген С. Торайғыровпен, М. Сералинмен танысады. Журналда бірнеше өлеңдер жарияланады. 1916 жылы еліне келіп, 1919 жылға дейін қаламгерлік қызметімен қатар ауыл жастарына ұстаздық етеді. Бұл бір орасан қиын, ойлы-қырлы, бұралаң жолдары көп күрделі кезең еді. 1916 жылғы маусым жарлығы кезінде елдің ер азаматтары қылыштарын көкке қайрап, екі жақты езгі - патша жендеттерінің талауына, жергілікті жемқорлардың қанауына қарсы ұлт-азаттық көтерілісіне аттанғанда, Бейімбет оларға сәт-сапар тілеп, күрес адам-

дарын ашық айқасқа, берік сапқа тұруға шақырды. («Қанды туман»):

Ойбай-ау, қайдасыңдар? Аттаныңдар! —
Бері кел, шашау шықпа, топтаныңдар! —

дей тұрғанымен, осы қозғалыс бірсыпыра жерлерде сәтсіздікке ұшырағанда, кенет торығып, келер күннен үміт үзе жаздайды да, 1917 жылдың ақпанында патшаның тақтан құлағанына, қуанып, қайта жадырайды. («Қазаққа»):

Келді теңдік, туды теңдік басыңа,
Қатын, еркек, кәрі менен жасыңа.
Туысқандық, құрдастыққа асыға. —
Алалықты арандағы жой, қазақ!..

Ендігі өмірі мен өнерін түгел біржола Қазаннан кейінгі жаңа заманға бағыштаған Бейімбет Майлин 1919-21 жылдары ауылдағы Кеңес жұмысына араласады. 1922 жылы Сәкен Сейфуллиннің шақыруымен Орынборға келіп, баспасөз қызметіне қызу кіріседі. Орталық газет бетінде жиі-жиі әңгіме, очерктер жариялап, «Қызыл Қазақстан» журналында «Шұғаның белгісін» жаңадан жөндеп бастырады, «Кітап» баспасынан өлеңдер жинағын шығарады.

1923 жылы Майлин Қостанай қаласына барып, «Ауыл» деген жаңа газет шығарысады. Көптеген новеллалары, сықақ әң-